

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 қарашадағы N 1801 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 3

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 8 0 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасы мен Словения Республикасы арасындағы достық қатынастарды нығайтуға әрі экономикалық және басқа да қарым-қатынастарды дамытуға ниет білдіре отырып,

Словения Республикасының Еуропалық Одаққа мүшелігін және одан туындайтын құқық пен міндеттемені назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар теңдік принциптерінде өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес экономиканың барлық салаларында және секторларында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі.

2. Осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын ынтымақтастық мыналарға: экономикалық әлеуетті екі жақты экономикалық қарым-қатынастарды нығайту үшін пайдалануға;

жеңіл және ауыр өнеркәсіп, энергетика, көлік, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу, электронды және электр техникалық өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және орман техникасының өндірісі, тамақ, қайта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және құрылыс материалдары мен жабдықтарын шығару, тау-кен өндіру өнеркәсібі, қайталама металлургия, коммуналдық шаруашылық, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет, туризм және спорт саласында қызметтер корсету саласындағы ынтымақтастықты дамытуға;

екі жақты экономикалық, оның ішінде инвестициялар, инновациялар және экономикалық жобаларды қаржыландыру саласындағы қарым-қатынастарды үдетуге;

көлік құралдарын өзара жеткізуді қоса алғанда, көлік және энергия тасығыштарды тасымалдау жүйесі саласындағы инфрақұрылымды дамытуға;

мамандармен, ғылыми-техникалық қызметкерлермен және жоғары оқу орындарының студенттерімен алмасуды, сондай-ақ Тараптардың ғылыми-техникалық жетістіктерді іс жүзінде пайдалануын қоса алғанда, ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көзделген ынтымақтастық мынадай: электр энергетикасындағы және көлік инфрақұрылымы саласындағы өзара мүдделіліктің мәні болып табылатын жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;

бір Тарап мемлекетінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің екінші Тарап мемлекетінің аумағында не екі Тарап мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен бірлесіп олардың аумақтарында немесе үшінші мемлекеттердің аумақтарында объектілерді жобалауын, салуын және жаңғыртуын қолдау;

шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдарының ынтымақтастығын дамыту; инвестициялықтарды қоса алғанда, экономикалық және өзге жобалар үшін қаржыландыру, сақтандыру тетіктерін көтермелеу және кепілдіктер беру;

сертификаттау және стандарттау саласындағы өзара іс-қимыл; сауда-өнеркәсіп палаталарының, қауымдастықтарының және шаруашылық жүргізуші субъектілерін біріктіретін басқа ұйымдардың арасындағы байланыстарға жәрдемдесу;

консалтингтік, құқықтық, банктік және техникалық, оның ішінде Тараптар

мемлекеттерінің аумақтарында инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдаумен
байланысты қызметтерді дамыту;
мамандармен және техникалық персоналмен алмасуды, оқытуды, халықаралық
жәрмеңкелер мен көрмелерге, экономикалық жобаларға және экономикалық
ынтымақтастықпен байланысты, оның ішінде үшінші мемлекеттердің нарықтарындағы
өзге де іс-шараларға қатысуды қоса алғанда, ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын
дамыту үшін жағдайлар жасау;
ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастыққа ықпал ету;
туризм және курорт ісі саласында өзара іс-қимыл жасау жолымен жүзеге
асырылады.

3-бап

Бір Тараптың құзыретті органдары екінші Тарап мемлекетінің шаруашылық
жүргізуші субъектілеріне өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес барлық
нысандарда мемлекет аумағында қызметін жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

4-бап

Экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу мақсатында Тараптардың
құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай:
экономикалық және инвестициялық қызмет, стандарттау, сертификаттау,
лицензиялау шарттары, зияткерлік және өнеркәсіптік меншікті қорғау, инновациялық
және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін іс жүзінде пайдалану мәселелерін
реттейтін ұлттық заңнама саласындағы;
екі Тарап мемлекеттерінің аумақтарында қолданыстағы шаруашылық жүргізуші
субъектілерінің арасындағы, оның ішінде көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу мәселелері
бойынша байланыстарды орнатуға ықпал ететін іс-шараларға қатысты;
өзара мүддені білдіретін басқа да салаларда ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

5-бап

1. Тараптар осы Келісімде қамтылған салалардағы ынтымақтастықты қарастыратын
бірлескен Комиссия құрады.

2. Комиссияның міндеттері мыналар болып табылады, атап айтқанда:
кезендік шолуларды және экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйін бағалауды
жүргізу;

экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған ұсыныстарды
дайындау экономикалық ынтымақтастықты дамытуды шектейтін проблемаларды
анықтау және оларды жою мақсатында тиісті шаралар ұсыну;

осы Келісімді қолдануға және талқылауға қатысты даулы мәселелерді шешу.

3. Комиссия төрағалар басқаратын қазақстандық және Словения бөліктерінен
т ұ р а д ы .

4. Комиссия отырысы Қазақстан Республикасында және Словения Республикасында кезекпен жылына бір рет не қажеттілігіне орай өткізіледі. Төрағалардың әрқайсысының бастамасы бойынша Комиссияның кезектен тыс отырысының шақырылуы немесе төрағалардың кездесуіне бастама жасалуы мүмкін.

5. Комиссия отырысы хаттамамен ресімделеді.

6. Комиссия жұмысының тәртібі ол бекітетін регламентпен белгіленеді.

7. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Комиссияның қызметімен байланысты шығыстарды дербес көтереді.

6-бап

1. Осы Келісімнің ережелері қатысушылары Қазақстан Республикасы немесе Словения Республикасы болып табылатын халықаралық шарттардан, сондай-ақ олардың халықаралық ұйымдарға мүшелігінен туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісімнің ережелері Словения Республикасының Еуропалық Одаққа мүшелігінен туындайтын оның құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

3. Брюссельде 1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылған бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, еуропалық қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім, оның кейіннен болатын барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге осы Келісіммен реттелетін мәселелерге қатысты артықшылықты күшке ие.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 8-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап Тараптардың ұлттық заңнамаларына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынғаннан кейін отыз күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім үш жылға жасалады және кейінгі бір жылдық кезеңдерге автоматты

түрде ұзартылады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабарлама жібере отырып, тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы Келісім Тараптардың мұндай хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап алты ай өткен соң күшін жояды.

_____ жылғы " __ " _____ каласында әрқайсысы қазақ, словен, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Тараптар арасында осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған кезде, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Словения Республикасының

Үкіметі үшін